

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 121 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 53 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 5 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5663 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 36 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 121 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4718 тіркелген, 2007 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 121 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2008 жылғы 30 маусымдағы N 99 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5273 тіркелген, 2008 жылғы 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағының N 9 санында

жарияланған), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 28 қарашадағы N 182 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5478 тіркелген , 2009 жылғы 17 ақпанда "Заң газеті" газетінің N 24 (1447) санында жарияланған) қаулыларымен енгізілген өзгерістер мен және толықтырулармен бірге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесінде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы ереже сондай-ақ ислам банктеріне қолданылады.";

7-тармақтың бірінші абзацында "құрылтай құжаттарының (жарғының және құрылтай шартының)" деген сөздер "жарғысының" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 12-1 және 13-1-тармақтармен толықтырылсын:

"12-1. Уәкілетті орган ислам банкіне осы Ереженің 5-1-қосымшасымен белгіленген нысан бойынша, ислам банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензияны береді.";

"13-1. Уәкілетті орган ислам банкіне осы Ереженің 6-1-қосымшасымен белгіленген нысан бойынша бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға және ислам банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензияны береді.";

18-тармақта:

"7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша" деген сөздер мен цифр "7, 7-1-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша" деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Жаңадан құрылған ислам банкі ислам банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтінішіне қосымша исламдық қаржыландыру принциптері бойынша кеңесті тағайындау туралы акционерлердің жалпы жиналысының шешімін қоса береді.";

24-тармақтың 1) тармақшасында "8-қосымшасына" деген сөз бен цифр "8, 8-1-қосымшаларына" деген сөз бен цифрлармен ауыстырылсын;

5-қосымша осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 5-1-қосымшамен толықтырылсын;

6-қосымшаның 1-тармағы "өзге операцияларды" деген сөздерден кейін "(үлттық және (немесе) шетел валютада)" деген сөздермен толықтырылсын;

осы қаулының 3 , 4 , 5-қосымшаларына сәйкес 6-1, 7-1, 8-1-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы ол бірінші рет ресми жарияланған күннен кейін жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Лицензиялау департаменті (Н.Қ. Қасқаманова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттіктің Төрайым қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары М.Б. Байсыновқа жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2009 жылғы 27
наурыздағы N 53 қаулысының
1-қосымшасы
"Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ
банктер бағалы қағаздар рыногында
жүзеге асыратын қызметті, банктік
және өзге операцияларды лицензиялау
ережесінің 5-қосымшасы

Қазақстан Республикасының

елтаңбасы

Уәкілетті органның толық атауы

Банктік және өзге операцияларды жүргізуге

Лицензия

Лицензияның нөмірі _____ Берілген күні ____ жылғы " ____ " _____

_____ банктің толық атауы

Осы лицензия операциялардың мынадай түрлерін (ұлттық және (немесе) шетел валютада) жүргізуге құқық береді:

1) банктік операцияларды:

2) өзге операцияларды:

Банктік және өзге операцияларды жүргізуге бірінші рет алынған лицензия туралы деректер:

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)
Төраға (Төрағаның орынбасары)
Мөрдiң орны
Алматы қаласы"

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2009 жылғы 27
наурыздағы N 53 қаулысының
2-қосымшасы
"Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ
банктер бағалы қағаздар рыногында
жүзеге асыратын қызметті, банктік
және өзге операцияларды лицензиялау
ережесінің 5-1-қосымшасы

Қазақстан Республикасының
елтаңбасы

Уәкілетті органның толық атауы

Ислам банкінің банктік және өзге операцияларды
жүргізуге Лицензия

Лицензияның нөмірі _____ Берілген күні _____ жылғы " ____ " _____

ислам банкінің толық атауы

Осы лицензия операциялардың мынадай түрлерін (ұлттық және (немесе)
шетел валютада) жүргізуге құқық береді:

1. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 52-5-бабының 1-тармағына сәйкес ислам
банкінің банктік операцияларды:

2. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес банктік және өзге
операцияларды:

1) банктік операцияларды:

2) өзге операцияларды:

Ислам банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге бірінші рет
алынған лицензиясы туралы деректер:

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

Төраға (Төрағаның орынбасары)

Мөрдің орны

Алматы қаласы"

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2009 жылғы 27
наурыздағы N 53 қаулысының
3-қосымшасы

"Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ
банктер бағалы қағаздар рыногында
жүзеге асыратын қызметті, банктік
және өзге операцияларды лицензиялау
ережесінің 6-1-қосымшасы

Қазақстан Республикасының

елтаңбасы

Уәкілетті органның толық атауы

Ислам банкінің банктік және өзге операцияларды және

бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге

Лицензия

Лицензияның нөмірі _____ Берілген күні ____ жылғы " ____ " _____

ислам банкінің толық атауы

Осы лицензия мыналарды жүзеге асыруға құқық береді:

1. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 52-5-бабының 1-тармағына сәйкес ислам банкінің банктік операцияларды (ұлттық және (немесе) шетел валютада):

2. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес банктік және өзге операцияларды (ұлттық және (немесе) шетел валютада):

1) банктік операцияларды:

2) өзге операцияларды:

3. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға:

Бірінші рет алынған лицензия туралы деректер:

ислам банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

ислам банкінің банктік және өзге операцияларды және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге:

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

Төраға (Төрағаның орынбасары)

Мөрдiң орны

Алматы қаласы"

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2009 жылғы 27
наурыздағы N 53 қаулысының
4-қосымшасы

"Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ
банктер бағалы қағаздар рыногында
жүзеге асыратын қызметті, банктік
және өзге операцияларды лицензиялау
ережесінің 7-1-қосымшасы

(уәкілетті органның толық атауы)

(ислам банкінің толық атауы)

Өтініш

Банк операцияларын (валюта түрін көрсету - ұлттық және (немесе) шетел):

1) ислам банкінің банктік операцияларын:

2) банктік және өзге операцияларды:

жүзеге асыруға лицензия беруіңізді сұраймын

Банк туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері:

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің нөмірі, телефон, факс)

2. Ислам банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге бірінші рет алынған лицензиясы туралы деректер:

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

3. Жіберген құжаттардың даналар саны және әр қайсысы бойынша парақтар саны:

Ислам банкі және құрылтайшылар (акционерлер) өтінішке қоса берілген құжаттардың (ақпараттың) шынайылығына толық жауапты болады.

Өтінішті беруге өкілетті тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы _____

(қолы)

20__ жылғы "___" _____

Мөрдің орны"

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2009 жылғы 27
наурыздағы N 53 қаулысының
5-қосымшасы

"Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ
банктер бағалы қағаздар рыногында
жүзеге асыратын қызметті, банктік
және өзге операцияларды лицензиялау
ережесінің 8-1-қосымшасы

(уәкілетті органның толық атауы)

(ислам банкінің толық атауы)

Өтініш

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия беруіңізді сұраймын:

Банк туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің нөмірі)

(телефон, факс).

2. Бірінші рет алынған лицензия туралы деректер:

ислам банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

ислам банкінің банктік және өзге операцияларды және бағалы қағаздар нарығында қызметтерді жүргізуге:

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

3. Жіберілген құжаттардың тізбесі, даналар саны мен әрқайсысы бойынша парақтар саны:

Ислам банкі және акционерлер өтінішке қоса берілген құжаттардың (ақпараттың) шынайылығына толық жауапты болады.

Өтініш беруге өкілетті тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы _____

(қолы)

___ жылғы "___" _____

Мөрдiң орны"